

«АЗАМАТТАРҒА
АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ»
МЕМЛЕКЕТТІК
КОРПОРАЦИЯСЫ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ



НЕКОММЕРЧЕСКОЕ
АКЦИОНЕРНОЕ
ОБЩЕСТВО
«ГОСУДАРСТВЕННАЯ
КОРПОРАЦИЯ
«ПРАВИТЕЛЬСТВО ДЛЯ
ГРАЖДАН»

Отдел Келесского района по регистрации и земельному кадастру
филиала некоммерческого акционерного общества «Государственная
корпорация «Правительство для граждан» по Туркестанской области

Справка о государственной перерегистрации юридического лица

БИН 080340022243

19.09.2023

Наименование: Государственное коммунальное казенное
предприятие "Колледж № 13" управления
образования Туркестанской области

Местонахождение: Казахстан, Туркестанская область, Келесский
район, село Абай, ул. Т.Рыскулов, ст-е 105/1

Руководитель: Руководитель, назначенный (избранный)
уполномоченным органом юридического лица
КОЗЫБАЕВ ЖАКСЫЛЫК АКИЛБЕКОВИЧ

**Учредители
(участники):** Государственное учреждение "Аппарат акима
Туркестанской области"

**Дата первичной
государственной
регистрации** 28.03.2008

Справка является документом, подтверждающим государственную
перерегистрацию юридического лица, в соответствии с
законодательством Республики Казахстан

Руководитель:  Сайдбеков А.Н.

Дата выдачи: 19.09.2023



«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН
ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК
КОРПОРАЦИЯСЫ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ



НЕКОММЕРЧЕСКОЕ
АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО
«ГОСУДАРСТВЕННАЯ
КОРПОРАЦИЯ
«ПРАВИТЕЛЬСТВО ДЛЯ
ГРАЖДАН»

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы»
коммерциялық емес акционерлік қоғамының Түркістан облысы
бойынша филиалының Келес ауданының тіркеу және жер кадастры
бөлімі

Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама

БСН 080340022243

19.09.2023

Атауы: Түркістан облысының білім басқармасының "№
13 колледж" мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорны

Орналасқан жері: Қазақстан, Түркістан облысы, Келес ауданы,
Абай ауылы, Т.Рысқұлов көшесі, 105/1 ст-е

Басшы: Заңды тұлғаның уәкілетті органымен
тағайындалған(тандалған) басқарушы
КОЗЫБАЕВ ЖАКСЫЛЫК АКИЛБЕКОВИЧ

**Құрылтайшылар
(қатысушылар):** "Түркістан облысы әкімінің аппараты"
мемлекеттік мекемесі

**Алғашқы мемлекеттік
тіркеу күні:** 28.03.2008

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықтама заңды
тұлғаның қайта мемлекеттік тіркеуден өткенін растайтын құжат болып
табылады

Басшысы:



Сайдбеков А.Н.

Берілген күні:

19.09.2023

КЕЛЕС АУДАНДЫҚ ТІРКЕУ ЖӨНЕ
КАДАСТР БӨЛІМІ

2023 ж. «19» 09 ЗАҢДЫ

ТҮЛҒАҒА МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА
ТІРКЕУ ЖҮРГІЗІЛДІ

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі
080 340 022 243

Тіркеу № 113-1959-22-НАД-11

3



Түркістан облысы әкімдігінің
2023 жылғы
№ _____ қаулысына
қосымша

Түркістан облысының білім басқармасының «№13 колледж» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының ЖАРҒЫСЫ

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Түркістан облысының білім басқармасының «№13 колледж» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын) жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық - құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.
2. Кәсіпорынның құрылтайшысы - Түркістан облысының әкімдігі болып табылады (бұдан әрі – Құрылтайшы).
3. Кәсіпорынның мүлкіне қатысты субъектінің құқығын мемлекеттік коммуналдық меншік құқығын Құрылтайшы жүзеге асырады.
4. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган – Түркістан облысының білім басқармасы мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Уәкілетті орган) болып табылады.
5. Кәсіпорынның атауы: Түркістан облысының білім басқармасының «№13 колледж» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.
6. Кәсіпорынның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Келес ауданы, Абай ауылы, Т.Рысқұлов көшесі, ғимарат №105, индекс 160905.

2-тарау. Кәсіпорынның заңдық мәртебесі

7. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі болады.
8. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Кәсіпорын заңды тұлғаларды құра алмайды, сондай-ақ басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.
9. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.
10. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған деп есептеледі.

3-тарау. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

11. Кәсіпорын қызметінің мәні білікті жұмысшы кадрлар мен орта буын мамандарын даярлауға бағытталған білім беру.
12. Кәсіпорынның қызметінің мақсаты:
 - 1) ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік қалыптастыруға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;
 - 2) жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және физикалық мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру; жеке тұлғаның дамуына жағдай жасау арқылы зияткерлікті байыту;

ТЕКСЕРІЛДІ

3) азаматтыққа және патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;

4) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

5) отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу; қазақ және республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерін зерделеу; қазақ, орыс, шет тілдерін меңгеру;

6) педагогтердің әлеуметтік мәртебесін арттыруды қамтамасыз ету;

7) білім беру ұйымдарының дербестігін, дербестігін кеңейту, білім беруді басқаруды демократияландыру;

8) қоғам мен экономиканың қажеттіліктеріне жауап беретін білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесінің жұмыс істеуі;

9) кәсіптік білім берудің қоғам мен еңбек нарығының өзгеретін қажеттіліктеріне тез бейімделуіне ықпал ететін оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кредиттік, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану;

10) жалпы оқыту, жұмыс орны бойынша оқыту және еңбек нарығының қажеттіліктері арасындағы өзара байланысты қамтамасыз ететін және әркімге білім мен құзыреттілікке негізделген қоғамда өзінің жеке әлеуетін барынша пайдалануға көмектесетін өмір бойы оқыту жүйесін дамыту;

11) білім беруді, ғылымды және өндірісті интеграциялау;

12) білім алушылардың кәсіби уәждемесін қамтамасыз ету;

13) жұмыс берушілермен және басқа да әлеуметтік әріптестермен белсенді өзара іс-қимыл жасау арқылы техникалық және кәсіптік білім берудің озық дамуын қамтамасыз ету;

14) білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, арнайы жағдайлар жасау болып табылады.

13. Кәсіпорын қойылған мақсаттарын іске асыру үшін қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

1) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің интеграцияланған модульді бір немесе бірнеше білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру және білім алушыларға білім, тәрбие беру;

2) Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламасы жобаларына білікті кадрлар дайындау;

3) білім алушылардың қабілеттерін айқындау және дамыту;

4) жастардың бос уақытын пайдалануды ұйымдастыру, мәдени-бұқаралық шараларды өткізу;

5) ғылыми-практикалық конференциялар мен семинарлар, кәсіби шеберлік конкурстарын өткізу;

6) олимпиадаларға, конференцияларға және басқа да нысандардағы ынтымақтастықтарға қатысу;

7) өндірістік оқытудың оқу бағдарламаларына сәйкес оқу-өндірістік жұмыстарды орындау тауарлар (жұмыстар және қызметтер) өндіруді ұйымдастыру;

8) теориялық оқытуды өндірістік еңбекпен ұштастыру;

9) оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес білім алушылардың кәсіптік дағдыларға ие болуы;

10) өнімдер шығаруды, шеберханаларға арналған құралдар мен жабдықтарды, кабинеттер мен зертханаларға арналған көрнекі құралдар мен аспаптарды жасауды, сондай-ақ жабдықтар, машиналар мен механизмдерді жөндеуді ұйымдастыру;

11) дуальды оқыту бойынша білікті жұмысшы кадрлар мен орта буын мамандарын даярлауды ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

14. Кәсіпорын бір немесе бірнеше білім беру бағдарламаларын іске асыратын және білім алушыларға білім мен тәрбие беруді қамтамасыз етеді.

КЕЛЕС АУДАНДЫҚ ТІРКЕУ
ҮЙІНЕ ҚАЛДЫРҒАН
ТЕКСЕРІЛДІ

15. Кәсіпорын өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Заңдарына, Кәсіпорынның жарғыларына және "Білім туралы" Заңына сәйкес жүзеге асырады.

16. Кәсіпорын осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсатына сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқылы емес.

17. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасаған мәмілесі тиісті саланың уәкілетті органының немесе мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4-тарау. Білім беру бағдарламаларының тізбесі

18. Оқу процесінің мақсаты – техникалық және кәсіптік білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау мен есепке алу болып табылады.

19. Білім беру бағдарламалары олардың мазмұнына және білім алушылардың даярлық деңгейіне қарай білім беру бағдарламаларына бөлінеді:

1) білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін жобалар жатады.

Білім беру бағдарламаларының мазмұны жалпы білім беретін, жалпы гуманитарлық, жалпы кәсіптік, арнайы пәндерді зерделеуді, өндірістік оқытудан және кәсіптік практикадан отуді немесе базалық және кәсіптік модульдерге интеграцияланған жалпы гуманитарлық, жалпы кәсіптік, арнайы пәндерді зерделеуді, жұмыс біліктіліктерін бере отырып, өндірістік оқытудан және кәсіптік практикадан отуді көздейді;

2) орта буын мамандарын даярлауды көздейтін жобалар жатады.

Кәсіпорын білім беру бағдарламаларының мазмұны жалпы білім беретін, әлеуметтік-экономикалық, жалпы гуманитарлық, жалпы кәсіптік, арнайы пәндерді зерделеуді, өндірістік оқытудан және кәсіптік практикадан отуді немесе базалық және кәсіптік модульдерге интеграцияланған әлеуметтік-экономикалық, Жалпы гуманитарлық, жалпы кәсіптік, арнайы пәндерді зерделеуді, «орта буын маманы» біліктілігін және (немесе) жұмыс біліктіліктерін бере отырып, өндірістік оқытудан және кәсіптік практикадан отуді көздейді.

Кәсіпорын білім беру бағдарламаларының тізбесі білім беру бағдарламаларының тізілімінде қамтылған.

Кәсіпорын білім беру бағдарламаларының тізілімі білім беру саласындағы ақпараттандыру объектісінде қамтылған.

5-тарау. Білім беру процесін ұйымдастыру

(оның ішінде оқыту және тәрбиелеу тілі (тілдері), білім алушылардың, сабақ режимі)

20. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңына, осы Қағидаларда және білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының жарғыларында белгіленген шекте оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда, кадрларды іріктеу мен орналастыруда, оқу-әдістемелік, қаржы-шаруашылық қызметін ұйымдастыруда дербес болады.

21. Кәсіпорын өз қызметін Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңна сәйкес берілген лицензияның негізінде жүзеге асырады.

22. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың негізі Кәсіпорынның білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары жүзеге асыратын оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау мен есепке алу болып табылады.

23. Оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау оқу жоспарлары мен бағдарламаларының толық көлемде уақытылы және сапалы орындалуын қамтамасыз етеді.

Техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау оқу жылына арналған бекітілген оқу-

ТЕКСЕРІЛДІ

тәрбие процесінің графигі мен теориялық және практикалық сабақтардың кестесі негізінде жүзеге асырылады.

24. Оқу жұмыс жоспарлары мен оқу жұмыс бағдарламаларын білім беру бағдарламалары және жалпы білім беретін пәндер циклінің немесе модулінің үлгілік оқу бағдарламалары Кәсіпорынның білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдар әзірлейді.

Білім беру бағдарламаларын Стандартқа сәйкес Кәсіпорынның білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдар әзірлейді және бекітеді.

Кәсіпорындар үшін жалпы білім беретін пәндер циклінің немесе модулінің үлгілік оқу бағдарламаларын «Білім туралы» Заңның сәйкес білім беру саласындағы уәкілетті орган әзірлейді және бекітеді

25. Жеке адамның қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, білім беру бағдарламаларының мазмұнына, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында білім алуға қолжетімділік жағдайларының жасалуына қарай оқыту мынадай нысандарда жүзеге асырылады: күндізгі, кешкі және сырттай бөлім (сырттай, кешкі нысанда білім алу рұқсат етілмейтін мамандықтардың жекелеген біліктіліктерінен басқа).

26. Білім алушыларды ауыстыру тәртібі білім саласындағы уәкілетті органның бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

27. Кәсіпорын білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыстар беру білім саласындағы уәкілетті органның бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

28. Кәсіпорында тіл саясаты, Қазақстан Республикасының Конституциясына және «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

29. Кәсіпорында білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру оқу жылы оқу процесінің графигіне сәйкес басталады және аяқталады.

Білім алушылар үшін оқу жылы ішінде кемінде екі рет демалыс белгіленеді. Академиялық кезеңдер мен каникул ұзақтығын Кәсіпорын дербес айқындайды.

Кәсіпорында білім беру бағдарламалары, сабақ кестесі, оқу процесінің графигіне және жұмыс оқу жоспарларына сәйкес жасалады.

Аудиториялық сабақтардың барлық түрлері үшін ұзақтығы 45 минут академиялық сағат белгіленеді.

Педагогтер үшін сабақтар арасындағы үзілістер кезінде білім алушылармен бір мезгілде тынығу және тамақтану уақыты Кәсіпорынның ішкі тәртіп қағидаларымен айқындалады.

Кәсіпорында білім беру бағдарламаларын іске асыратын әскери мамандықтар бойынша аудиториялық сабақтардың барлық түрлері үшін ұзақтығы кемінде 40 минут академиялық сағат белгіленеді.

30. Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру білім беру саласындағы уәкілетті органның қолданыстағы бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

31. Кәсіпорында білім беру бағдарламалары оқу сабақтары дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар, зертханалық, бақылау және өзіндік жұмыстар, консультациялар, әңгімелесулер, факультативтік сабақтар, курстық және дипломдық жобалар (курстық және дипломдық жұмыстар) және практикалар түрінде өткізіледі.

32. Кәсіпорынның оқу процесінің қатысушылары студенттер, педагогтер және кәметке толмаған студенттердің заңды өкілдері болып табылады.

33. Кәсіпорынның білім алушыларына студенттер, кадеттер, курсанттар, тыңдаушылар жатады.

34. Кәсіпорында білім беру бағдарламаларын іске асыратын педагогтерге тиісті бейін бойынша педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі бар және педагогтің білім алушыларды және (немесе) тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу, әдістемелік сүйемелдеу немесе білім беру қызметін ұйымдастыру жөніндегі кәсіптік қызметін жүзеге асыратын адамдар, сондай-ақ «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес педагогикалық қайта даярлаудан өткен адамдар жатады.

ЖӘНЕ КАДАСТР БОЛЫМ
ТЕКСЕРІЛДІ

35. Кәсіпорындағы педагогтер саны және педагогтер лауазымдарының тізбесі білім беру саласындағы уәкілетті органның бұйрығына сәйкес айқындалады.

36. Кәсіпорындағы білім беру бағдарламаларын іске асыратын педагогтердің лауазымдарын алмастыру Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

37. Кәсіпорында білім беру бағдарламаларын іске асыратын мамандықтар бойынша кадрлар даярлау бейініне қарай оқу-тәрбие процесін басқару үшін мамандықтар (кәсіптер) топтары, оқыту нысаны және тілдері бойынша бөлімдер және басқа да құрылымдық бөлімшелер құрылады.

38. Құрылымдық бөлімшелерде (күзінеттілік орталықтарда) басшылық етуді Кәсіпорынның басшысы тағайындайтын меңгеруші жүзеге асырады.

39. Кәсіпорында білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында бөлімшелер (күндізгі, сырттай, кешкі) кадрлар даярлау кезінде бір немесе бірнеше мамандықтар бойынша құрылады.

40. Кәсіпорын білім беру бағдарламалары теориялық оқытуды, сондай-ақ өндірістік оқыту шеберінің, оқу – өндірістік шеберханаларда, оқу шаруашылықтарында және оқу полигондарында практика жетекшісінің басшылығымен, кәсіпорындар (ұйымдар) базасында тәлімгердің, өндірістік оқыту шеберінің, практика жетекшісінің басшылығымен орындалатын өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканы қамтиды.

Кәсіптік практиканың түрлері, мерзімдері мен мазмұны оқу жұмыс бағдарламаларымен және оқу жұмыс жоспарларымен айқындалады.

Кәсіпорынның ұйымдарының кәсіптік практикасын ұйымдастыру білім беру саласындағы уәкілетті органның бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

41. Дуальды оқыту білім саласындағы уәкілетті органның бұйрығына және дуальды оқыту туралы үлгілік шарттың нысаны сәйкес жүзеге асырылады.

Өндірістік оқыту мен кәсіптік практикадан оту кезеңінде білім алушыға еңбек тәртіптемесінің кағидалары қолданылады.

Өндірістік оқыту мен кәсіптік практикадан оту уақытында білім алушы білім алушының еңбек өтіліне есептелетін белгілі бір функционалдық міндеттерді орындайды және осы уақыт ішінде өтемақы төлемі жүргізілуі мүмкін.

Өндірістік оқыту мен кәсіптік практикадан өтетін адамдарға еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі талаптар қолданылады.

Дуальді оқыту туралы шарт негізінде Кәсіпорын өндірістік оқыту мен кәсіптік практикаға басшылықты жүзеге асыру үшін білім алушыға тәлімгерді бекітеді.

Дуальды оқыту бойынша оқу процесін ұйымдастыру білім саласындағы уәкілетті органның бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

42. Оқу-өндірістік шеберханалар, оқу шаруашылықтары, оқу полигондары, күзінеттілік орталықтар – мамандықтар бойынша кадрларды даярлау бейініне қарай жалпыға міндетті мемлекеттік білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканың оқу жұмыс бағдарламаларының мазмұнын іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында құрылатын кәсіптік білім беру ұйымдарының құрылымдық бөлімшелері.

Оқу-өндірістік шеберханалар:

1) теориялық оқытуды өндірістік еңбекпен үйлестіруді;
2) білім алушылардың оқу жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес кәсіптік дағдылар алуын;

3) өнім шығаруды ұйымдастыруды, шеберханалар үшін құрал-саймандар мен құралдарды, кабинеттер мен зертханалар үшін көрнекі құралдар мен аспаптар жасауды, сондай-ақ жабдықтарды, машиналар мен тетіктерді жөндеуді;

4) кәсіпорындарға, ұйымдарға және халыққа ақылы қызметтер көрсетуді қамтамасыз ететін оқу және өндірістік база болып табылады.

Оқу полигондарында немесе күзінеттілік орталықтарда автомобильдерді, тракторларды, өздігінен жүретін әртүрлі машиналарды жүргізу, әртүрлі жабдықтар мен тетіктерді қызмет көрсету және пайдалану бойынша оқыту жүргізіледі.

КАДАСТР БӨЛІМІ
ТЕКСЕРІЛДІ

43. Оқу шеберханаларындағы немесе күзiреттiлiк орталықтардағы, оқу шаруашылықтарындағы оқу-өндiрiстiк жұмыстардың тiзбесi, мазмұны және оларды орындау бойынша талаптарды олар үшiн кадрлар даярлау жүзеге асырылатын жұмыс берушiлермен келiсiм бойынша тiкелей Кәсiпорын айқындайды.

44. Кәсiпорынды басқару Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Қағидаларға және оқу орнының жарғысына сәйкес жүзеге асырылады.

45. Кәсiпорын басшысының жауапкершiлiгi Қазақстан Республикасының «Бiлiм туралы» Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

46. Кәсiпорынға мемлекеттiк бақылау «Бiлiм туралы» Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

47. Кәсiпорынның педагогтерi жыл сайын медициналық қарап-тексеруден денсаулық саласындағы уәкiлеттi органның бұйрығына сәйкес жүзеге асырады.

48. Кәсiпорында алқалық басқару органдары құрылады. Кәсiпорын алқалық басқарудың нысандары – педагогикалық, оқу-әдiстемелiк, қамқоршылық кеңестер және педагогикалық әдеп жөнiндегi кеңестер болып табылады.

49. Кiтапханалар қорының болуы толық оқу кезеңiне бiлiм алушылар контингентiне қарай және оқыту тiлдерi бойынша үлгiлiк оқу жоспарларына, Кәсiпорынның бiлiм беру бағдарламаларына сәйкес баспа және (немесе) электрондық басылымдар форматында қалыптасады.

50. Жеке тұлғаның қажеттiлiктерi мен мүмкiндiктерiн ескере отырып, бiлiм беру бағдарламаларының мазмұнына, Кәсiпорында бiлiм алуға қолжетiмдiлiк жағдайларының жасалуына қарай оқыту күндiзгi, кешкi, сырттай, экстернат және бiлiм беруде ерекше қажеттiлiктерi бар адамдар (балалар) үшiн қашықтықтан оқыту нысанында жүзеге асырылады.

51. Кәсiпорында қашықтықтан оқыту бiлiм беру ұйымдарының қашықтықтан оқытуды қамтамасыз ету жөнiндегi талаптарына және бiлiм беру саласындағы уәкiлеттi орган бекiткен қашықтықтан оқыту бойынша оқу процесiн ұйымдастыру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

52. Кәсiпорындағы бiлiм алушыларға жұмысшы бiлiктiлiктерiн, «орта буын маманы» бiлiктiлiктерiн бередi.

53. Кәсiпорында бiлiм беру бағдарламаларын сапалы бiлiм беру қызметтерiн ұсыну мақсатында "Педагог мәртебесi туралы" Қазақстан Республикасы Заңының сәйкес басшы кадрлар мен педагогтердiң бiлiктiлiгiн арттыруды қамтамасыз етедi.

54. Кәсiпорын ел экономикасы салалары үшiн кадрларға қажеттiлiктiң қысқа мерзiмдi, орта мерзiмдi болжамын, өңiрлiк еңбек нарығының қажеттiлiгiн ескере отырып, бiлiм алушыларды қабылдауды талап етiлетiн мамандықтар бөлiнiсiнде жүзеге асыруды қамтамасыз етедi.

55. Кәсiпорын бiлiм беру бағдарламаларын iске асыруға жағдайлар жасау үшiн материалдық активтердiң (оқу кабинеттерi, компьютерлiк сыныптармен, интернет желiсiне қосылған компьютерлермен жарактандырылу, оқу зертханалары, өндiрiстiк шеберханалар, полигондар, спорт залдары, медициналық пункттер, асханалар немесе буфеттер), ғимараттардың (оқу корпустары, өндiрiстiк шеберханалар): меншiк не шаруашылық жүргiзу немесе жедел басқару құқығында тиесiлi «Бiлiм беру объектiлерiне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына сәйкес-алаңы бар оқу үй-жайларын сенiмгерлiк басқару), сондай-ақ Кәсiпорынға iргелес аумақтарында бейнебақылаудың болуы қажет.

56. Кәсiпорын бiлiм алушылардың жатақханаларда, хостелдерде және қонақүйлерде тұруы үшiн жағдай жасайды.

6-тарау. Кәсiпорынға қабылдау тәртібі

57. Кәсiпорынға оқуға қабылдау тәртібі Кәсiпорынның бiлiм беру бағдарламаларын iске асыратын бiлiм беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгiлiк қағидаларына сәйкес, бiлiм саласындағы уәкiлеттi органның бұйрығына сәйкес жүргiзiледi.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҚАДАСТЫРҒА БӨЛІМІ
ТЕКСЕРІЛДІ

Әскери мамандықтар бойынша Кәсіпорындағы білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау тиісті деңгейдегі білім беру бағдарламаларын іске асыратын әскери, арнайы оқу орындарына оқуға қабылдау қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

7-тарау. Білім алушылардың үлгерімін бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау тәртібі

58. Білім алушылардың үлгерімін бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау білім саласындағы уәкілетті органның Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

59. Білім беру ұйымдары білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылауды және аралық аттестаттауды өткізудің нысандарын, тәртібін және кезеңділігін дербес таңдайды.

60. Кәсіпорындағы білім алушыларды аралық аттестаттау оқу жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес курстық жобаларды (жұмыстарды) қорғау, практика бойынша есептер, сынақтар және емтихандар нысанында жүзеге асырылады, бұл ретте сынақтар мен курстық жобаларды (жұмыстарды) қорғау емтихандар басталғанға дейін (болған жағдайда) өткізіледі.

61. Белгіленген курстағы оқу жоспарының талаптарын толықтай орындаған, аралық аттестаттаудың барлық сынақтары мен емтихандарын табысты тапсырған білім алушылар келесі курсқа Кәсіпорын басшысының бұйрығымен көшіріледі.

62. Кәсіпорындағы білім алушыларды қорытынды аттестаттау, оның ішінде қашықтықтан оқыту арқылы қорытынды аттестаттау оқу процесінің кестесінде көрсетілген мерзімде оқу жұмыс жоспарларының нысандары бойынша өткізіледі.

63. Кәсіпорынның білім алушыларын қорытынды аттестаттау, медициналық білім беру бағдарламалары бойынша біліктілік емтиханын және (немесе) білім алушыларды қоспағанда, жалпы кәсіптік және арнайы пәндер және (немесе) модульдер бойынша қорытынды емтихандар тапсыруды немесе арнайы пәндердің және (немесе) модульдердің бірінде қорытынды емтихан тапсыру арқылы диплом жобасын (жұмысын) орындау мен қорғауды немесе дипломдық жұмысты орындауды және қорғауды қамтиды.

8-тарау. Білім алушыларды шығару негіздері және тәртібі

64. Білім алушыларды оқудан шығарудың негіздері:

1) білім алушыларға аралық аттестаттау нәтижелері бойынша;

2) оқу ақысын төлемегені;

3) академиялық демалысқа шыққан және білім беру ұйымдарының жарғысында көзделген жағдайларда беріледі.

65. Білім беру ұйымында оқу ақысын төлемегені үшін семестр ішінде оқудан шығарылған ақылы негізде оқитын білім алушыларды қайта қабылдау кезінде оқудан шығарылған күннен бастап бір ай ішінде төлемақы бойынша қарызын өтеген жағдайда басшы өтінішті қарайды және 3 (үш) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушының өтінішін қанағаттандыру туралы шешім қабылдайды.

Өтініш қанағаттандырылған жағдайда білім беру ұйымының басшысы көрсетілетін қызметті алушыны білім беру ұйымына қайта қабылдау туралы бұйрық шығарады.

9-тарау. Кәсіпорынның білім алушылармен, тәрбиеленушілермен және (немесе) олардың ата-аналарымен және өзге де заңды өкілдерімен қатынастарын ресімдеу тәртібі

66. Кәсіпорынның мынадай құқығы бар :

1) осы Келісімге, білім беру ұйымының жарғысына, білім беру ұйымының ішкі тәртіп қағидаларына және білім беру ұйымы қызметін реттейтін білім беру актілеріне сәйкес білім алушымен адал және тиісті міндеттерді орындауын талап етуге;

КЕЛЕС АУДАНДЫҚ ТІРКЕУ
ЖӘНЕ КАДАСТР БӨЛІМІ
ТЕКСЕРІЛДІ

2) білім алушыға ішкі тәртіп қағидаларында, білім беру ұйымының жарғысында және осы Шарттың талаптарында көзделген міндеттерін бұзғаны үшін ақшалай баламада көрсетілген санкциялардан басқа тәртіптік ықпал ету шараларын қолдануға;

3) білім алушыдан білім беру ұйымының мүлігіне мұқият қарауды, компьютермен және басқа жабдықпен жұмыс істеу ережелерін сақтауды талап етуге. Білім алушының әрекеттерінен келтірілген материалдық залал болған жағдайда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен оны қалпына келтіруге жұмсалған шығындар үшін өтемақы талап етуге;

4) білім алушыны білім беру, ғылыми және шығармашылық қызметте табысқа жеткені үшін марапаттауға және ынталандыруға;

5) білім беру саласындағы уәкілетті органның қолданыстағы бұйрығына және білім беру ұйымының Жарғысын бұзған жағдайда Шартты біржақты тәртіпте тоқтатуға құқылы;

67. Кәсіпорынның міндеттері:

1) білім алушы білім беру ұйымының Жарғысымен, ішкі тәртіп қағидаларымен, оның қызметін реттейтін білім беру ұйымының актілерімен таныстыруға;

2) «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес білім алушыны оқытуды қамтамасыз етуге;

3) қабылдау емтихандарының (сұхбаттасу) қорытындылары бойынша (немесе академиялық қарыз жабылған жағдайда басқа білім беру ұйымынан ауысу арқылы) білім ұйымының студенттері қатарына жыл сайынғы төлемнің ___% мөлшерін ол немесе тапсырыс беруші (уәкіл) төлеген жағдайда білім алушыны қабылдауға;

4) «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларына сәйкес оқу жүктемесін анықтауға;

5) Кәсіпорынның кітапхана ресурстарына (оқулықтарға, оқу-әдістемелік кешендерге және оқу-әдістемелік құралдарға) қол жеткізуді қамтамасыз етуге;

6) білім алушыларға білім беру ұйымының басшысы бекіткен оқу бағдарламалары шеңберінде тапсырмаларды орындау үшін компьютерлік техниканы пайдалануға мүмкіндік беруге;

7) Кәсіпорынның басшысы бекіткен Кәсіпорынның оқу жоспарына сәйкес білім алушының кәсіби практикадан өтуін ұйымдастыруға;

8) білім алушының өтініші негізінде бір мамандықтан келесі мамандыққа немесе бір оқу нысанынан басқасына, сондай-ақ, басқа білім беру ұйымына бекітілген мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына сәйкес ауыстыруға және қайта қабылдау білім саласындағы уәкілетті органның бұйрығына сәйкес жүргізуге;

9) Шарт бұзылған жағдайда білім алушыға бұйрық шығарылған сәттен бастап, ағымдағы оқу жылының шығындарын есептей отырып, төленген соманы қайтаруға;

10) білім алушыға ұйымының ғылыми, мәдени және спорттық шараларына қатысуына мүмкіндік беруге;

11) білім саласындағы уәкілетті органның бұйрығына сәйкес, оқудың толық курсы сәтті аяқтағаннан кейін және қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша тиісті нысанда білім туралы құжат беруге;

12) білім беру ұйымы таратылған немесе білім беру қызметін тоқтатқан жағдайда, білім алушыларды басқа білім беру ұйымдарында оқуын жалғастыру үшін ауыстыру жөнінде шаралар қабылдауға міндетті.

68. Білім алушының құқықтары мен міндеттері:

Білім алушының құқықтары:

1) ауыстыру және қайта қабылдау қағидаларында белгіленген тәртіппен, бір білім беру ұйымынан екінші білім беру ұйымына ауысуға және қайта оқуға қабылдануға, бір мамандықтан басқа мамандыққа, ақылы оқудан мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға ауысуға немесе бір оқыту нысанынан басқасына ауысуға;

2) оқу ақысын кезең-кезеңімен төлеуге, бұл ретте оқу шығыстары нақты ұлғайған жағдайда тараптардың келісімі бойынша жылына бір реттен артық емес төлемақы мөлшері ескеруі мүмкін;

КІРЕС АУДАНДЫҚ ТІРКЕУ
ЖӘНЕ КАДАСТР БӨЛІМІ
ТЕКСЕРІЛДІ

3) мемлекеттік емес жалпыға міндетті білім беру стандартының қосымша білім беру (ақылы және тегін) қызметтерін алуға;

4) кітапхана мен оқу залдары базасында оқу, оқу-әдістемелік әдебиеттер қорына еркін қолжеткізуге және пайдалануға;

5) студенттік өзін-өзі басқару органдарына қатысуға құқылы;

69. Білім алушының міндеттері:

1) білім беру ұйымының Жарғысын, ішкі тәртіп қағидаларын және білім беру ұйымының қызметін регламенттейтін білім беру актілерін орындауға;

2) білім беру ұйымының мүлкін күтіп ұстауға және орынды пайдалануға, оқуда және жатақсанада тұру кезінде қолайлы жағдай жасауға қатысуға (егер ұсынылса);

3) педагогтерге және қызметкерлерге өздерінің лауазымдық міндеттерін орындауда, сондай-ақ білім беру ұйымдарының білім алушыларына құрмет көрсетуге;

4) білім беру ұйымында болмаған күннен бастап бір апта ішінде жазбаша түрде сабақта болмаған жағдайда білім беру ұйымын хабарлауға;

5) отбасылық мәртебесі және байланыс ақпараты өзгерген жағдайда білім беру ұйымына есеп беруге (тұрғылықты жері, телефон нөмірі, электронды пошта және т.б.);

6) амбулаториялық немесе стационарлық ем қабылдаған жағдайда растайтын құжаттарды табыс ете отырып, білім беру ұйымына хабарлауға міндетті.

70. Ата-аналардың және өзге де заңды өкілдердің құқықтары мен міндеттері

Кәмелетке толмаған балалардың ата-аналары мен өзге де заңды өкілдерінің:

1) баланың тілегін, жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып білім беру ұйымын таңдауға;

2) ата-аналар комитеттері арқылы білім беру ұйымдарын басқару органдарының жұмысына қатысуға;

3) білім беру ұйымдарынан өз балаларының үлгеріміне, мінез-құлқына және оқу жағдайларына қатысты ақпарат алуға;

4) өз балаларын оқыту мен тәрбиелеу проблемалары жөнінде психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардан консультациялық көмек алуға;

5) балаларының шарттық негізде қосымша қызмет көрсетулер алуына құқығы бар.

Ата-аналар мен өзге де заңды өкілдер:

1) балаларға өмірі мен оқуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың ой-өрісі мен дене күшін дамытуды, имандылық тұрғысынан қалыптасуын қамтамасыз етуге;

2) балаларды одан әрі жалпы білім беретін мектепке беруді айқындай отырып, мектеп алды даярлығын қамтамасыз етуге;

3) білім беру ұйымының жарғысында айқындалған қағидаларды орындауға;

4) балалардың оқу орнындағы сабаққа баруын қамтамасыз етуге;

5) білім беру ұйымы жұмыскерлерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

6) білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген, міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды орындауға;


7) білім беру ұйымында белгіленген киім формасын сақтауға міндетті.

71. Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын балалардың ата-аналары мен өзге де заңды өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шет елдерге кеткен балаларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында немесе негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша білім беру қызметімен айналысуға лицензиясы бар, Қазақстан Республикасының аумағындағы халықаралық мектептерде олардың орта білім алуын қамтамасыз етуге міндетті.

72. Тараптардың жауапкершіліктері:

Осы Келісімде көзделген өз міндеттемелерін орындамағаны үшін немесе тиесілі орындамағаны үшін тараптар Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

88-тарау. Ақылы негізде тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) ұсыну тізбесі мен тәртібі



73. Кәсіпорын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарынан тыс ақылы қызметтер көрсету туралы шартты жасай отырып, тиісті тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) бойынша ақылы негізде мынадай:

1) қосымша білім беру бағдарламаларын (балалар және жасөспірімдер шығармашылығын, спорт, мәдениет және өнер саласындағы бейімділіктер мен қызығушылықтарды дамыту, мамандардың біліктілігін арттыру) іске асыру;

2) оқу жоспары мен бағдарламалары бойынша бөлінген оқу уақытынан тыс пәндер (сабақтар және сабақтардың циклдері) бойынша жекелеген білім алушылармен қосымша сабақтар ұйымдастыру;

3) білім алушылар мен тәрбиеленушілер, педагог қызметкерлер мен ересек жұртшылық арасында әртүрлі: спорт жарыстарын, семинарлар, кеңестер, конференциялар, сондай-ақ оқу-әдістемелік әдебиетті әзірлеу мен өткізу жөніндегі іс-шаралар ұйымдастыру және өткізу;

4) кәсіптік білім беруді ұйымдастыру (білікті жұмысшы кадрлар мен орта буын мамандарын қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру);

5) оқу-өндірістік шеберханалардың, оқу шаруашылықтарының, оқу-тәжірибе учаскелерінің өнімдерін өндіру мен өткізуді ұйымдастыру бойынша тауарларды (жұмыстарды, қызметтер көрсетуді) беру;

74. Ақылы негізде қызмет көрсететін Кәсіпорын мен білім алушының (тәрбиеленушінің), оның ата-анасының және өзге де заңды өкілдердің өзара қатынастары шартпен реттеледі.

11-тарау. Кәсіпорынды басқару

75. Құрылтайшы:

1) Кәсіпорындарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

2) Кәсіпорынның Жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

3) Кәсіпорынның филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді.

76. Уәкілетті орган:

1) Коммуналдық мүлікті Кәсіпорынға бекітеді;

2) Кәсіпорынның мүлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге, жалға алуға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шешімдер қабылдайды;

3) Кәсіпорынның бюджетінен қаржыландырылатын қызметінің басым бағыттарын және міндетті жұмыс (қызметтер) көлемін анықтайды;

4) Кәсіпорынның даму жоспарын және оны орындау жөніндегі есепті қарайды, келіседі және бекітеді;

5) Кәсіпорынның даму жоспарының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;

6) Кәсіпорынның мүлкін пайдалануға және сақтауға бақылауды қамтамасыз етеді;

7) Кәсіпорын мүлкінің есепке алуды ұйымдастырады, оны тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді;

8) жыл сайын Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін белгілейді;

9) Осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.


77. Кәсіпорынның басшысы оның органы болып табылады.

78. Тиісті саланың уәкілетті органы Кәсіпорынның басшысымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы ресімдейді.

79. Кәсіпорынның басшысы дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және егер «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Заң) және Кәсіпорынның жарғысында өзгеше көзделмесе, Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Заңмен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

80. Басшы:

1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;



2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банктік шоттар ашады;

6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және еңбек шарттарын бұзады, көтермелеу шараларын қолданады және егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе оларды жазаға тартады.

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, көтермелеу шараларын қолданады және егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе оларды жазаға тартады.

8) Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

9) Мыналарға жауапты болады:

10) Кәсіпорынның даму жоспарын іске асырудың нәтижелілігі және тиімділігі үшін;

11) Кәсіпорынның қаржы - шаруашылық қызметіне және Кәсіпорын мүлкінің сақталуы үшін жеке жауаптылықта болады;

12) оған Қазақстан Республикасы заңнамасымен, жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

81. Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен Кәсіпорын банкрот деп танылған немесе оңалту рәсімі қолданылған және уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушы тағайындалған жағдайларда, оны басқару бойынша барлық өкілеттіктер тиісінше уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушыға өтеді.

12-тарау. Кәсіпорынның мүлкі

82. Кәсіпорынның мүлкін, құны оның теңгерімінде көрсетілетін Кәсіпорынның активтері құрайды.

83. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

84. Кәсіпорынның мүлкі:

1) оған меншік иесі берген мүліктен;

2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктің (ақшалай табыстарды қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

85. Кәсіпорынның жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қимтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы мүмкін.

86. Жедел басқару құқығын алу және тоқтату, егер осы бапта өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

87. Жедел басқару мүлкіті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіне түседі.

88. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, мүлікке жедел басқару құқығы, оған қатысты меншік иесі оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған, Кәсіпорында мүлкіті өз теңгеріміне бекіткен сәтінде туындайды.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЖӨНЕ КАДАСТР БӨЛІМІ
ТЕКСЕРІЛДІ

89. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

90. Кәсіпорынның мүлкіне жедел басқару құқығы, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген тәртіппен және меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша, сондай-ақ «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 144, 154, 162 - баптарында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

91. Кәсіпорын оған жедел басқару құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

13-тарау. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру

92. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

93. Кәсіпорындар таза табыстың бір бөлігін тиісті бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларация тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

94. Кәсіпорын өзі өндірген өнімді дербес өткізеді.

95. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Кәсіпорынның жарғысында көзделмеген, қызметті жүзеге асырудан осы кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мүлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

14-тарау. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

96. Кәсіпорынның жарғылық капиталы меншік иесінен жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін басқаруға алынған мүліктен қалыптасады.

15-тарау. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі

97. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және қаржылық есептіліктің тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша қаржылық есептіліктің ұлттық стандарттарына сәйкес Кәсіпорынның басшысы бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

98. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік теңгерімді, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

16-тарау. Кәсіпорынның жауапкершілігі

99. Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзінің билігіндегі ақшамен жауап береді. Осы заңды тұлғаның тарату жағдайларын қоспағанда, қазыналық кәсіпорыннан қалған мүліктен алып қоюға жол берілмейді.

100. Кәсіпорын мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Кәсіпорынның иесі жеткіліксіз болған кезде, оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бөлініс тиісті бюджет қаражатымен субсидиялық жауаптылықта болады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ІШкі істер министрлігі
ЖӨНЕ КАДАСТР БӨЛІМІ
ТЕКСЕРІЛДІ

17-тарау. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

101. Кәсіпорын жұмыскерлерінің еңбекке ақы төлеу жүйесін «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 қаулысымен белгілейді.

18-тарау. Еңбек ұжымымен өзара қатынас

102. Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

103. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидасына сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

19 - тарау. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату


104. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі.

105. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның мүлкін уәкілетті орган қайта бөледі.

106. Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің табысына есептеледі.

20-тарау. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

107. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды құрылтайшы енгізеді.



КЕЛЕС АУДАНДЫҚ ТІРКЕУ ЖӘНЕ
КАДАСТР БӨЛІМІ

2023 ж. « 19 » 09 ЗАҢДЫ

ТУЛҒАҒА МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА
ТІРКЕУ ЖҮРГІЗІЛДІ

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі
90 340 022 243

Тіркеу № 443-1959-21-КАД-ТН



Приложение
к постановлению акимата
Туркестанской области
от «___» _____ 2023 года
№ _____

Устав

государственного коммунального казенного предприятия «Колледж № 13» управления образования Туркестанской области

Глава 1. Общие положения

1. Государственное коммунальное казенное предприятие «Колледж № 13» управления образования Туркестанской области (далее - Предприятие) является юридическим лицом в организационно - правовой форме государственного предприятия на праве оперативного управления.

2. Учредителем Предприятия является - акимат Туркестанской области (далее - Учредитель).

3. Права субъекта права государственной коммунальной собственности в отношении имущества Предприятия осуществляет Учредитель.

4. Органом осуществляющим управление Предприятием является государственное учреждение «Управления образования Туркестанской области».

5. Наименование Предприятия: государственное коммунальное казенное предприятие «Колледж № 13» управления образования Туркестанской области.

6. Место нахождения Предприятия: Республика Казахстан, Туркестанская область, Келесский район, село Абай, улица Т.Рыскулова, дом 105.индекс 160905.

Глава 2. Юридический статус Предприятия

7. Предприятие имеет самостоятельный баланс, счета в банках в соответствии с законодательством, бланки, печать с изображением Государственного Герба Республики Казахстан и наименованием Предприятия.

8. Предприятие не может создавать юридические лица, а также выступать учредителем (участником) другого юридического лица, за исключением случаев, предусмотренных законами Республики Казахстан.

9. Предприятие может создавать филиалы и представительства в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

